

**Егемен Қазақстан**

 **Egemen.kz**

## Ұлттық идея және тарихи деректер

Ұлтымыздың өзін өзі танып-білуге талпынысы – байырғы түркілерден бері жалғасып келе жатқан үрдіс. Арғы бабаларымыз шыққан тегін, тағдыры мен тарихын, қуанышы мен қасіретін «мәңгі тасқа» қашап жазса, беріде шежіре тарқата сөйлеу дәстүрі орнықты. Орта ғасырлардан жеткен «Қорқыт ата кітабы», «Оғыз-наме» дастаны, Ж.Баласағұнидің «Құтты білік», М.Қашқаридің «Түркі тілдерінің сөздігі», М.Х.Дулатидің «Тарихи Рашиди», Қ.Жалайыридің «Жами ат-тауарих», З.Бабырдың «Бабыр-наме» кітаптары қазақтану жолындағы асқаралы белестер екені сөзсіз.



Қазақтанудың ең жоғары сатысы ұлттық идеяны табумен өрнектеледі. Егер ұлттық идеяның мәні – ұлттың тағдыр анықтағыш тілегі, ниеті, оны ілгері қадам басуға жұмылдырушы фактор, күн тәртібіндегі басты мәселені шешуге бағышталған мазмұнды әрі кесек ой десек, осылардың жиынтық формуласы М.Дулатұлы дәйектеген «Оян, қазақ!» тұғырнамасында жатыр. Бұл ұран емес, Міржақыптың өлеңдер жинағы да емес. Халық қасіретін, замана келбетін дәлме-дәл айқындаған сәуегейлік. Шынында да, екі ғасырға жуық созылған отарлау, қорлық пен зорлық халықтың дүниетанымына, мінезіне, өмір салтына, шаруашылығына орасан зор нұқсан келтіріп, еңсесін түсірген еді, алды-артын бағамдау қасиеттерінен айыра бастаған-тын.

«Оян, қазақтан!» өзгеше жаңа ұлттық идеяны дәйектеу 1917 жылғы Ақпан төңкерісі жеңісімен шешімін тапты. Монархияның құлауы ішкі Ресейдегі тәрізді Атырау мен Алтайдың, Жетісу мен Омбының арасын теңіздей толқытқан еді. Осының өзі «Оян, қазақ!» идеясының пәрменділігін және бір айғақтағаны өз алдына, жаңа саяси күштердің

күрес сахнасына шығуына түрткі болды. Кемел ұлттық идеяны табу жолындағы доданың алдыңғы шебінде Уақытша үкімет жақтастары, Кеңестерді қолдаушылар, панисламистер, пантүрікшілер, әрине, Алаш қозғалысы белсенділері жүрді. Әрқайсысы өз нұсқасын дәйектеп ұсынды. Дегенмен интеллектуалдық ізденістердің шырқау биігі бірінші жалпықазақ съезінде ұсынылған «Қазақ автономиясы» идеясы екені сөзсіз. Осылайша, ұлттық идеяны кемеңгерлікпен түзу Алаш қозғалысын аспандатты, дұрыс ұлттық идеяға табан тіреген Алаш зиялылары мен оқығандары қазақ қоғамы тарихының жаңа белесін ашты.

Кеңестік Қазақстандағы ұлттық идеяның тарихы мен тағдырын бір ауыз сөзбен шиырып айтар болсақ, ол – ұлтжанды тұлғалардың қасіреті мен қуғын-сүргінге ұшырағаны, кешегі әралуан ұлттық идеяны әу бастағы тартымды мән-мағынасынан жұрдай болған утопиялық социалистік идеяның алмастырғаны, ол – өз еліндегі, өз жеріндегі біраз қазақтың күшпен таңылған саяси-идеологиялық тапшыл ұрандар мен адасулар әсерінен қазақтан жатсынуға бет түзегені. Ұлтын сүйген, социалистік эксперименттерден қара бұлттай төніп келе жатқан апаттың сұмдығын қапысыз ұғынған рухы биік ақын-жазушылар, ғалымдар, жекелеген тұлғалар туған халқының тілі, діні, мәдениеті, жері үшін отқа күйіп, суға түскенімен, қылышынан қан тамған тоталитарлық жүйе Қазақстанда тілге жеңіл, жүрекке жылы ұлттық идеяны түзуге де, халыққа ұсынуға да жеткізбеді, көктей солдырды. 20-30-жылдары Алаш зиялылары құрбандыққа шалынғаннан кейін ұлттық идеяны табу бағытындағы талпынысты «ЕСЕП» партиясының, «Жас тұлпар» қозғалысының дүниеге келгенінен, «Қазақ әдебиеті», «Зерде» газет-журналдарындағы ұлт тарихы, тілі, мәдени мұрасы жайлы жарияланымдардан, Ш.Смаханұлының қазақ мектептерін ашуға жанталасынан, 1979 жылғы Целиноград, 1986 жылғы Алматы оқиғаларынан көргеніміз ләзім. Әйткенмен, бағыт – мақсатқа тура жеткізетін даңғыл жол емес. Кеңестік 70 жылдың ішінде қисапсыз қасіретті басынан өткізген, демографиялық азшылықтың әсерінен ұлттық болмыс-бітімінен ажырай жаздаған біздің ел тәуелсіздіктің табалдырығынан кемел ұлттық идеясыз аттай салды.

Ойы онға, санасы санға бөлініп отырған қазаққа ортақ ұлттық идеяны таба қою оңай міндет емес. Ал қажеттігін отансүйгіш рухтағы әрбір қазақстандық азамат сезініп отырғаны айдай ақиқат. «Армансыз адам қанатсыз құспен тең», дейді халқымыз. Бір кездері орнымен көтерілген «Мәңгілік ел» тұжырымдамасы бәсеңдей бастаған секілді. Ұлттық идеясыз қала берсек, қанатсыз ұлтқа айналарымыз сөзсіз. Ұлттық идеяны таппайынша елде жүріп жатқан реформалар қарын тойдырудың ғана міндетін атқарып шығатындай көрінеді. Ұлттық идеясы жоқ Қазақстанда өмір сүру қазақтан басқаның бәріне майдай жағатын шығар, бірақ түптің түбінде өкініште қалатыны қазақтар. Өзін-өзі жа-

рылқамағанды басқалар ұшпаққа шығарады деудің еш қисыны жоқ. Көлдей жайылып келе жатқан жаһанданудың табанында жаншылып қалмау үшін де ұлттық идеяның өзектігі мен қажеттігі күн санап артып келеді. Демек қарап отыруға болмайды.

Алдымен бізге қажет ұлттық идеяға қойылатын талаптарды пысықтап алу керек. Біріншіден, ол идея Ата Заңымызға қайшы келмеуге тиіс. Яғни нәсілдік, ұлттық, діни, гендерлік кемсіту немесе дәріптеуден алыс тұрғаны абзал. Екіншіден, ұлттық идея Қазақстанның атын анықтап отырған қазақ халқының мұратын ұлықтаумен қоса, басқа диаспоралардың тарихи, дәстүрлі, этностық ерекшелігіне, ар-намысына тимейтіні былай тұрсын, қайта соған қуат беретін факторға айналуын қамтамасыз ететін болсын. Үшіншіден, ұлттық идеяның хронологиялық бастапқы сәті белгілі болғанмен, бүгін де, ертең де шексіз жүзеге аса беретінін баса көрсеткені жөн. Елдің ішіндегі, жер-жаһандағы нақты ахуалға байланысты оның көздегені өзгеріп, нақтыланып отыратыны айтпаса да түсінікті жайт. Мәселен, қазірдің өзінде тарихи Отанында отырған қазақтар мен диаспора санатында шетте жүрген қазақтардың ұлттық мұраты бірдей дей алмаймыз. Біріншілері үшін Қазақстанның бүгінгі мен ертеңі басты мәселе болса, екіншілері жүрген ортасында қазақ болып қалу қамын көбірек жейді. Уақыт өткен сайын ұлт мұратындағы осынау айырмашылық ұлғаймаса, қабыспайтыны ақиқат. Қытайдағы қазақтардың кейінгі толқыны қытайланып, Түркиядағылар түріктеніп бара жақаны белгілі. Мың өліп, мың тірілумен азаттыққа жеткен қазақтың тағдыранықтағыш ұлттық идеясы Қазақстанда ғана өз жемісін бере алады. Табиғи-тарихи даму жолдарын әлдеқашан тапқан, ішкені – алдында, ішпегені артында жуан ата елдер үшін ұлттық идея көп қажеттіліктің бірі болса, енді есін жия бастаған қазақтарға, Қазақстанға ұлттық идеяны ұстану бұлжымас заңдылық деп пайымдаймыз. Тап осы заңдылықты сақтамағандықтан да елде тілге, дінге, БАҚ-қа байланысты дау-дамайлардың басы қайтпай тұрғанын мойындауымыз керек.

Идея алғашқыда болжам, ой, жоспар түрінде дүниеге келеді. Уақыт үдесінен шыққаны жойқын күшке айналады. Бірақ «әр кәллада бір қиял» дегендейін, өмірде не көп – идея көп. Оның бәріне тиісті көңіл бөліп, жақсы-жаманын ажыратып отыруға жалғыз-жарым адам емес, тұтас мемлекеттің мұршасы келе бермейді. Әйтпесе, фашизмге, тоталитаризмге, нәсілшілдікке әкелетін идеяларды жөргегінде тұншықтыруға болар еді ғой. Өскелең идеялардың да жолы бірден бола қалмайды. Араға ғасырлар салып танылатын идеялар бар. Қазақстандық ұлттық идеяның бүгінгі әлеуеті де осы тақылеттес. Кезінде Керей мен Жәнібекке, Тәуке мен Абылайға күш берген ол азаттықтың 30 жылы бойы елес болып, Алтай мен Атырауды, Жетісу мен Сарыарқаны, Түркістан – Тұранды кезіп жүрді. Биліктің, байлықтың қолдауынсыз елестің бағы ашылатынына көзіміз жетті. Ал тап сол

елеске лаңкестік пиғылдағы күштер иелік етіп кетсе, қоғамға аз қасірет әкелмейтінін тарих әлденеше дәлелдеген.

Қазіргі Қазақстанда билік пен байлық – егіз ұғым. Билік байлыққа жол ашады, байлық билікке жеткізеді. Дұрысы – әрқайсының өз кеңістігі, өз ойын алаңы, ережесі болғаны. Келешекте бұлардың аражігі ашылар. Сонда да айтарымыз мынау: билік пен байлықтың қоян-қолтық астасып кетуі ат төбеліндей қауымның саяси-экономикалық эгоизмін алшаңдатып, қанаты қатаймаған демократия мен ұлттық қауіпсіздікке кесірін тигізеді. Түптің түбінде монополияны туғызбай қоймайды. Ал монополия іріп-шірудің басы екені бесенеден белгілі. Мұның қауіпті зияны қаңтар оқиғасында бой көрсетті. Қазақстандағы билік пен байлық иелері ұлттық идеяға бастарын ауыртпағаны былай тұрсын, фирмаларына, кәсіпорындарына, казино-клубтарына қазақша атау беруді қимайды. Бұл аздай, билік пен байлықтың басы-қасындағы адам факторы ұлттық, дәлірек айтсақ, қазақтық ділге, рухқа суарылмаған. Пассионарлық тұлғаларға зәрулік ұлғайған мына заманда олардың арасында әділ бәсекеде жеңіп шыққандар мейлінше аз, көбі «бармақ басты, көз қыстымен» байлықты, билікті еншілегендер. Мұндайлардың ұлтжандылығы, ұлтшылдығы тілінің ұшында ғана. Абайша айтсақ, өзі мал болған соң малдан басқа қызығы жоқ. Ал енді бұған нарықтық қатынасқа көшу, әлемдік экономикалық кеңістікке ену Қазақстандағы ірі буржуаны байырғы ұлт өкілдерінен емес, басқа этностар есебінен қалыптастырғанын қосыңыз. Бай әрі көркем мемлекеттік тілдің жұмыс істемей тұрғаны да осыдан. Қазақ елінде мемлекеттік мәртебесін толық иеленген қазақ тілінсіз ұлттық идея сыңар қанатымен жер сабалаған дәрменсіз құстай. Ұлттық идеясы бұлыңғыр елдегі билік оп-оңай қателесуге, байлық орынсыз шайқалып төгілуге бейім тұрады.

Ұлттық идеяның бары мен жоғын тиянақтауға жұрттан бұрын ғалымдар кірісіп кетті. А.Айталы, А.Сейдімбек, Ә.Ғали, А.Шәріп, тағы басқа білімпаздардың қаламынан туған еңбектер қоғамдық санаға игі әсер еткені сөзсіз. Бірақ бұл жеткіліксіз болып шықты. «Тарих – тым жауапты іс, оны тарихшыларға сеніп тапсыруға болмайды», деген екен ағылшын саясаткері Йан Маклеод. Ұлттық идеяның арқалап тұрған жүгі ғылыми ойтолғаумен жерден бір елі де көтерілмеді, қайта салмақтана түсті. Өйткені ұлттық идеяға тап бүгін керегі толағай сөз ғана емес, нақты іс. Ал істің жүзеге асуы үшін саяси-мемлекеттік шешім қажет. 1991-2022 жылдар тәжірибесінен ұққанымыз: ұлттық идеяны анықтауға Президент, Парламент, Үкімет ресми түрде араласқанда ғана оң нәтижеден үміттенуге болады. Ашық та жария мемлекеттік қолдаусыз ұлттық идеяның тамырына қан жүгірмейді. Сонда ғана бұл істен зиялы қауым, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар, БАҚ тыс қалмай, қоғамдық санадағы бүгінгі самарқаулық жойылар еді.

Кейбір әріптестеріміздің уәжіне құлақ қойсақ, ұлттық идея мәселесін іс жүзінде шешуге Ата Заңымыздың тиісті бабындағы идеологиялық плюрализмді қуаттаған талап кесе-көлденең тұратын тәрізді. Шынтуайтында бұл баптың еш кедергісі жоқ. Тек идея мен идеология арасында жер мен көктей айырмашылық жатқанын ұғына білсек жарады. Идеология дегеніміз – бірін-бірі толықтыратын, бірінен бірі туындайтын, арасынан қыл өтпейтін идеялардың жиынтық жүйесі. Ондай жүйенің маркстік-лениндік идеология деп аталатын таптық түрі кеше ғана құрдымға кеткен. Рас, бүгінгі Қазақстанда ресми мойындалған мемлекеттік идеология жоқ. Бірақ мән-мағынасы ұлттық идеядан қылаудай ажырағысыз мемлекеттік бағдарламалары жүзеге асқанын, асып жатқанын, аса да береді деп сенеміз.

Тарих ғылымының қанаты – деректер. Ұлттық идеяның болмысы мен мәні, жаңғыруы мен болашағы да ұлан-ғайыр деректерді ғылыми айналымға қосқанда ғана дәйектеледі. Ендеше, Әділетті Қазақстан тұсында ұлттық идеяны орнықтыру мен тарихи деректерді талдауды тең ұстайтын жаңа буын мамандарды даярлауға бәріміз де жауаптымыз.

**Ханкелді ӘБЖАНОВ,**

ҰҒА академигі